

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

25 мамыр 2016 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IXth Astana Economic Forum

PART II

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНК ЖҮЙЕСІНДЕГІ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП

Жуматаева Б.А., Бекбулатова А.Т.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: bahyt_jumataeva@mail.ru, Eternity_a@mail.ru

Қазіргі кездегі банк жүйесі – банктік құрылымдар пайдаланатын ақша несие және қаржы құралдарының жаңаша формаларына дейінгі банк қызметінің негізін анықтайтын дәстүрлі депозитті қарыздық және есепті – кассалық операцияларды қамтитын түрлі қызмет көрсетуші орта болып табылады.

Қазақстанның банк жүйесі – Отандық экономиканың нарықтық қатынастарға тез бейімделген қарқынды дамушы секторларының экономикадағы банктік жүйенің ролі мемлекетте төлем және есеп айырысу жүйесімен анықталады. Коммерциялық келісімдердің көп бөлігін салымдар, инвестициялар мен несиелік операциялар арқылы жүзеге асырады; басқа қаржылық делдалдармен қатар банктер тұрғындар жинақтарын фирмалар мен өндірістік құрылымдарға бағыттайды.

Біздің республикамызда екі деңгейлі банк жүйесі қызмет атқарады. Оның жоғарғы деңгейі болып мемлекеттің орталық банк ретінде саналатын Қазақстан Республикасының халық банкі табылса, ал екінші деңгейлісі –коммерциялық банктер [1].

Соңғысы, бұрын қатаң бақылауда болып келсе, қазіргі күнде күшейген банк аралық бәсеке жағдайында қызмет етіп, өзіндік дербестігін алды.

Бүгінгі күндегі Қазақстан экономикасындағы инфляциялық процесстер және дағдарысты құбылыстармен байланысты қиыншылықтарды ескерсек, банк жүйесінің одан әрі шыңдалып, дамыта түсуінің үлкен тәжірбиелік маңыздылығын түсіне аламыз.

Банктердің негізгі экономикалық функциясы - жеке тұлғалар мен мемлекеттік органдарды, кәсіпкерлік фирмалар, ұйымдар, кәсіпорындардың инвестициялық және тұтынушылық мақсаттарын қаржыландыру үшін жүзеге асырылатын несиелендіру қызметі. Банктер несиелік қызметтерін қаншалықты жақсы жүзеге асыруына, олар қызмет көрсететін клиенттердің экономикалық жағдайы тәуелді болып келеді, өйткені банктік несиелер жаңа кәсіпорындардың пайда болуына, жұмыс орындарының көбейуіне себепкер болып, олардың экономикалық өмір қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Республикадағы банктердің қызметі, мысалы, инфляция, төлемдік дағдарыс, төлем балансының секілді әр түрлі факторлар әсерінен күрделі жағдайларда жүзеге асады. Ол факторлардың әр біреуі банктің несиелік қызметіне жағымсыз әсерін тигізеді. Дәлірек айтсақ, мысалы төлемдік дағдарыс қарыздың уақытында қайтарылмау жағдайына әкеледі. Инфляция берілген қарыздардың құнсыздануына әкелуі мүмкін және тағы басқа [2].

Іс жүзінде кез келген дамыған елдің банк жүйесін экономиканың күре тамыры деп батыл атауға болады. Банктер экономикада басты орында және бос қаржы ресурстарын жұмылдыру арқылы, экономиканы кредиттеу жұмысын жүзеге асыра, экономикалық қатынастарға қатысушылар арасында төлем жасауды қамтамасыз ете, айналыс қаражатын – кредитті эмиссиялай және басқа да функцияларды орындай отырып, оған зор ықпал етеді, және өз кезегінде экономикада болып жатқан барлық үрдістерге әсер етеді. Сондықтан банк жүйесі елдегі қаржылық жүйенің басты буыны болаотырып мемлекеттің экономикалық саясатының маңызды қозғаушы күштерінің бірі болып табылады.

Ішкі пайдаланушылар (банк менеджменті) үшін де, сол сияқты сыртқы пайдаланушылар – клиенттер, бәсекелестер, реттеуші органдар үшін де шынайы әрі толық ақпараттың маңыздылығын бағалау күрделі іс. Шынайы ақпараттың болуы кәсіпорынның проблемаларын уақтылы анықтауға және олардың пайда болуына бара-бар көңіл бөлуіне мүмкіндік береді. Көп жағдайларда сенімді шешім қабылдау қабілеттілігі бухгалтерлік есептің сапасына және ұйымдастыру деңгейіне байланысты болады [3].

Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан кейін бухгалтерлік есепті реформалау қажеттігі туралы идея жан-жақты дами түсті. Қазақстанның банк жүйесінде бухгалтерлік есепті реформалау 1992 жылдың аяғында бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есеп дайындаудың халықаралық тәжірибесін зерделеуден басталды.

Банктік жүйеде бухгалтерлік есеп реформасын бастау қазақстандық экономикаға шетелдік капитал тартудың аса қажеттілігіне байланысты болды. Методологиялық есептегі үлкен айырмашылықтың болуынан инвесторларға біздің есебімізді талдау күрделі болды. Сондықтан Халықаралық Валюта Қоры Қазақстанның өркениетті қаржылық әлем жұмыс істеп жатқан бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына бірте-бірте көше бастауын талап етті.

Ол кезде республикамызда тәуелсіз мемлекет тұрғысында басқа елдермен өзара қарым-қатынас (ол ғана емес, өзара есеп айырысу) орнату қажеттілігі пайда болған еді. Сонымен қатар елдің ішінде есеп жүйесін жұмыс жағдайына келтіру мәселесі де аса қажет еді.

1993 жылы қазақстандық қаржыгерлер қазақстандық валюта – теңгені енгізуге байланысты төзімділік сынағынан сүрінбей өтті. Бұл айырбастау кезіндегі бухгалтерлік есептің күрделілігі Қазақстан аумағының көлеміне де байланысты еді. Теңгені елдің бүкіл аумағында бірдей уақытта енгізу қажет еді. Барлық банктер мен филиалдардағы қызметкерлерді оқыту. Халықтан рубльді жинап алу, қайта санау есепке алу, айырбастау, теңге беру.

Бәрі жақсы болғанын атап айту керек. Қалыптасып отырған жағдайдың күрделілігін түсіне отырып, банктік жүйе Ұлттық Банктің төңірегіне топтасты және Ұлттық Банктің нұсқауын орындай отырып, айырбастау жұмыстарын үйлесімділікпен атқарды.

Банктердің бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына көшу және Қазақстан Республикасының банктері үшін бухгалтерлік есептің жаңа есепшоттар жоспарын әзірлеу қаржылық институттар орындайтын операциялардың ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылды.

Ұлттық Банк пен ХВҚ өкілдері бірлескен жұмыстың түпкі нәтижесі Жаңа есепшоттар жоспарының алғашқы жобасы және 1994 жылы шілдеде Ұлттық Банктің бүкіл жүйесін есепшоттарды қолданылып жүрген және сонымен бірге Жаңа есепшоттар жоспары бойынша қосарлап жүргізуге көшіру болды. Сондай-ақ 1995 жылғы желтоқсанда Екінші деңгейдегі банктер үшін бухгалтерлік есептің есепшоттар жоспары қабылданды және бекітілді. Шынын айтсақ, Жаңа есепшоттар жоспарын банк жүйесіне енгізу өте қиын болды, өйткені банктердегі автоматтандырылған жүйелерге үлкен өзгерістер енгізу, мамандарды оқыту және бухгалтерлік есепті ескісінен Жаңа есепшоттар жоспарына ауыстыру қажет болды. Сонымен бірге жүргізіліп отырған жұмыста қаржылық есептің халықаралық стандарттарын (ҚЕХС) басшылыққа алу қажет болды.

Банктік есепті реформалау саласындағы жетістіктер 1997 жылдың аяғында бекітілген бухгалтерлік есептің қазақстандық стандарттарында 21 «Банктердің қаржылық есептері» және 22 «Банктердің кірістері мен шығыстары» нығайтылды. Бұл жерде 2001 жылғы қазан айында ҚРҰБ Басқармасының қаулысымен бекітілген № 21 «Банктердің қаржылық есептері» бухгалтерлік есептің жаңа стандартының табысты әзірленгенін айта кету қажет.

Банктік жүйенің ҚЕХС-на көшудің келесі кезеңі қаржылық есептің шынайылығына және оны уақтылы ұсынуға қол жеткізу жөніндегі жұмыстар болды. Көптеген банктердің үлкен филиалдық желілері барын және есеп 2-3 күнге кешігіп түскенін ескере отырып, мына операциялар бойынша есепті орталықтандыру қажеттігі туды: есеп айырысулар, заемдар мен салымдар, негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтер, кірістер мен шығыстар, жалақы, кадр және басқалары. Ақпаратты бас банк деңгейінде өңдеуге мүмкіндік беретін бірыңғай автоматтандырылған жүйе, сондай-ақ жоғары жылдамдықтағы жақсы байланыс болған кезде бұл операциялардың барлығын орталықтандыруға болады.

Банктік жүйеде бухгалтерлік есепті реформалау қаржылық есепте келтірілген және барынша жоғары экономикалық пайда алу үшін тиімді пайдаланылатын талданатын

ақпараттың айқындылығын, шынайылығын және толықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар бухгалтерлік есептегі жаңадан енгізу экономиканың ашықтығына және транспаренттігіне әкеледі, мұның өзі уақыт талабы. Экономиканың ашықтығы жайында ішкі жалпы өнімдегі экспорттың үлесі немесе басқа статистикалық қатынастар бойынша ғана емес, сонымен қатар осы экономика туралы деректердің оны қажет ететіндер үшін қаншалықты қол жетерліктей болуына және осы деректер сапасының қаншалықты жоғары болуына байланысты да айтылады. Компанияның қызметі туралы қаржылық ақпараттың айқындылығының өзі Қазақстан Республикасына солардың инвестициялар ағынының көбеюі өндірісті дамытуға, сонымен бірге жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беретін шетелдік инвесторларды тартады. Бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына барынша жақындау қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік компаниялармен халықаралық аренада бәсекелесуіне, ал бухгалтерлік қызмет саласы қызметкерлерінің шетелдік кәсіпорындарға жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Бас бухгалтерлік кітапты және қосалқы журналдар шығарудың, сондай-ақ банктердің нақты уақыт режимінде бухгалтерлік есептің шынайылығын, айқындылығын және уақтылылығын қамтамасыз ететін сертификатталған автоматтандырылған банктік ақпарат жүйесін сатып алудың қажеттілігі туып отыр.

Көрсетілген тапсырмаларды орындау мақсатында банктер іс-шараларды анықтап, олардың мерзімдерін және жауапты адамдарды белгіледі. Сонымен бірге құны операция көлеміне, филиалдық желіге және банк жұмысына пайдаланатын қаржылық құралдарға байланысты болатын автоматтандырылған банктік ақпарат жүйесін сатып алу жөніндегі мәселелер пысықталды. Бұлар, негізінен қымбат жүйелер, олар бойынша банктер тендер өткізеді және оларды кезең-кезеңімен сатып алады. Сонымен қатар жүйені енгізуге белгілі бір уақыт қажет болады. Осыған байланысты Ұлттық Банк банктермен бірлесіп семинарлар өткізеді, мамандарды оқытады, бухгалтерлік есеп және есеп беру жүйесін бұдан әрі жетілдіру жөнінде нұсқаулықтар әзірлейді [4].

Бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына бұдан әрі көшу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру мәселелері жөніндегі қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілері мен нұсқаулықтарын жетілдіру жөніндегі жұмыстар жалғастырылады. Мысалы, бағалы қағаздармен, негізгі құрал-жабдықтармен, шетел валютасымен және қымбат металдармен жасалатын операциялардың есебі жөніндегі нұсқаулықтарды қайта қарау және халықаралық стандарттарға сәйкестендіру жоспарлануда.

Бұдан басқа, банктер үшін бухгалтерлік есепті ұйымластыру және жүргізу бойынша, қосалқы есепте салық есебі жүйесін көрсету бойынша, заемдық, салымдық және сенімгерлік (трасттық) операциялардың, сол сияқты тауар-материалдық қорлармен, материалдық емес активтермен және аккредитивтермен жарғылық капиталмен, дебиторлармен және кредиторлармен жасалатын операциялардың есебі бойынша нұсқаулықтар әзірлеу жоспарлануда.

Қазақстанның банктік жүйесін халықаралық стандарттарға көшіру бойынша айтарлықтай жұмыстар жүргізілді, негізгі аспектілерге қол жеткізілді деп айтуға болады.

Бірақ, банктер халықаралық стандарттарды қолдану бойынша қиыншылықтарға тап болып отырған жағдайда мұнымен тоқтап қалуға болмайды.

Қорыта айтқанда, кәсіпорынды дұрыс басқару үшін басшының үнемі шынайы есебі болуының тиіс екендігін баса айтамыз. Ол үшін активтерді, міндеттемелерді, капиталды шынайы көрсететін, жақсы жолға қойылған бухгалтерлік есеп керек. Есеп айқын, түсінікті және шынайы болуы қажет.

Әдебиеттер:

1 Толпаков Ж.С. Бухгалтерлік есеп: Оқулық – Қарағанды, «Қарағанды полиграфиясы» АҚ.- 2009ж.- б.68.

2 Чайковская Л.П. Инновации: менеджмент, статистика, учет и аудит. Учебное пособие. Алматы. Издательство «Бастау».- 2011г.- с.88.

3 Дүйсембаев К.Ш. Қаржы есептілігін талдау. Оқулық. Алматы: «Экономика» баспасы.- 2011ж.- б.75.

4 Қ.Алтынбекұлы, «Коммерциялық банктердің өтімділігін басқару», Алматы, Экономика баспасы. - 2009ж.- б.66.

РОЛЬ КОНСОЛИДИРОВАННОЙ ОТЧЕТНОСТИ В ФОРМИРОВАНИИ ИНФОРМАЦИОННОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ УПРАВЛЕНИЯ ПРЕДПРИЯТИЕМ

Аханова Н.Е., Таштанова Н.Н.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,

г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: nurilyat@mail.ru

В условиях рыночной экономики любая коммерческая организация стремится к извлечению экономических выгод. Именно эта целевая направленность в деятельности является существенной в деловой активности организации, это же обстоятельство признается важнейшим с точки зрения условий формирования финансовых ресурсов любой организации, её финансового капитала.

Основным источником полезной (понятной, прозрачной, достоверной, существенной, надежной) информации должна служить финансовая отчетность.

Характерной тенденцией современного развития хозяйствования является консолидация предприятий.

Потребность в консолидированной финансовой отчетности связано, прежде всего, с глобализацией бизнеса, процессами концентрации и централизации капитала, установления различных форм коммерческих, производственных и финансовых связей между компаниями, преодоления государственных границ и развития транснациональных корпораций, активный выход различных национальных компаний на международные фондовые рынки.

Вместе с тем значение консолидированной отчетности выходит за чисто информационные рамки, поскольку имеет вполне конкретных пользователей, - инвесторов и акционеров. Внутрифирменные операции могут создавать нереалистичную картину активности группы компаний, ее продаж, расчетов, запасов, финансовых результатов. И в этом смысле, консолидированная отчетность представляет более объективную картину операций и финансового положения единой экономической единицы, не заменяя отдельных финансовых отчетов компаний группы, поскольку отражает ее экономические взаимосвязи

Такая отчетность может выполнять функцию контроля для материнской компании и влиять на ее дивидендную политику. В некоторых странах, например, в США, консолидированная прибыль является основой для объявления дивидендов (материнская компания принимает решение о выплате дивидендов по результатам деятельности дочернего предприятия). Несомненно, консолидированная отчетность содержит важную информацию для принятия финансовых и управленческих решений.

Несмотря на то, что первый опыт составления консолидированной отчетности датируется 1866 г., многие европейские страны сравнительно недавно включили соответствующий стандарт в учетное законодательство, в именно, Седьмая директива «Учет и консолидированная отчетность» - был принят в 1983 г. На территорию постсоветского пространства вопросы рассмотрения проблем и необходимости составления консолидированной отчетности долгое время не подлежали исследованию, таким образом, первая публикация проблем консолидации отчетности появилась в 1993г.

Свои истоки консолидированная финансовая отчетность в Республики Казахстан от сводной отчетности. Термин «сводная отчетность» пришел из социалистической экономики, когда составлялась сводная бухгалтерская отчетность органов исполнительной власти